



ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАДЫ?

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ОТ ШАЛМАЙТЫН ШОҚ ГҮЛ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ҚОНАЕВ ЕСКЕРТКІШІ КЕРЕК

7-БЕТ | ҚОҒАМ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ БАТЫРЛАРЫ – КӘСІПОРЫҢДАР МЕН ЕГІСТІК ЕҢБЕККЕРЛЕРІ, ҒАЛЫМДАР МЕН МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ИНЖЕНЕРЛЕР МЕН ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР, КӘСІПКЕРЛЕР МЕН СПОРТШЫЛАР, МЕЦЕНАТТАР МЕН ЕРІКТИЛЕР, ЖУРНАЛИСТЕР МЕН МЕДИА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ЖӘНЕ ӘРИНЕ, МҰҒАЛІМДЕР, ТӘРБИЕШІЛЕР, ДӘРІГЕРЛЕР, БАРЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР.

№5
(4438)
Сенбі
14 қаңтар
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖАСТАРҒА БАСПАНА АЛУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Бытыр елімізде жастар саясаты туралы заң қабылданды. Осы заңға сәйкес, бұл санатқа 35 жасқа дейінгі азаматтар кіреді.

Осылайша Қазақстандағы жастардың саны 6 млн-ға дейін көбейді. Мемлекет жастарды баспанамен қамтамасыз ету бағдарламасын одан әрі жалғастырады. Жастардың тұрғын үй мәселесін шешуге ықпал ететін бағдарлама 6 өңірде бар. Биыл олардың саны 10-ға артады.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ТЕГІН ОҚЫТАДЫ

Елордада ересек тұрғындарға қазақ тілін тегін оқытатын курс ашылады.

Бұл туралы ақпаратты қалалық әкімдіктің баспасөз қызметі таратты. Курсқа 16-31 қаңтар аралығында тіркелуге болады. Тіркелу кезінде мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін (бастауыш, жалғастырушы, тереңдетілген) көрсету керек. Дәріс Р.Қошқарбаев көшесі, 50-үйде, дүйсенбі-жұма күндері сағат 09:00-13:00 және 14:00-18:00 аралығында жүргізіледі.



НЕСИЕ ҚАМЫТЫНАН НЕ ҚҰТҚАРАДЫ?

Қазақстанда экономикалық белсенді 9,2 миллион халықтың 7,8 миллионының несиесі бар. Олардың банктер мен микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктерге берешегі 14,3 трлн теңгеден асады. Соның ішінде 1 миллионнан астам адамның несиесін өтеу мерзімі өтіп кеткен. Осы орайда Президенттің тапсырмасымен «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» заң қабылданды, ол биыл наурыз айынан бастап күшіне енеді.



Биыл елімізде шамамен 1 млн адам жұмысқа орналасады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова ведомствоның кеңейтілген алқа отырысында мәлімдеді.

Республика бойынша биыл салалық тұжырымдамалар мен ұлттық жобалар аясында 75 мыңға жуық жұмыс орнын ашу жоспарланған. Қаржыландыру көлемі 131 млрд теңгені құрайтын мемлекет жәрдемақша беретін бағыт бойынша 150 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. 780 мың адамды жеке бастамалар шеңберінде және жұмыс берушілердің бос жұмыс орындарына орналастыру жоспарланған. Құрылатын жұмыс орындарының жалпы санының шамамен 20 пайызы жастар мен ерекше қажеттілігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға бағытталады.

ШЕТЕЛ КӨЛІГІ ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕДІ?

Парламент 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген көліктерді заңдастыру үшін алынатын бірыңғай алымның мөлшерін 200 мың теңге көлемінде бекітті. Сонымен қатар заңдастырылатын автокөліктер үшін кәдеге жарату төлемін алып тастау үшін Экологиялық кодекске түзетулер енгізіліп жатыр.

Қажетті заңнамалық өзгерістер күшіне еніп, Үкімет тиісті қаулы қабылдағаннан кейін заңдастыру басталады. Бұл ретте заңдастыруды жарты жылдың көлемінде өткізу жоспарлануда.

Кіру күні ҰҚК шекара қызметінің деректер базасы бойынша айқындалады. Бүгінде бұл процесс толығымен автоматтандырылған. Егер шекара қызметінде көлік құралын әкелу туралы мәлімет болмаған жағдайда, автокөліктің

Қазақстан Республикасында нақты болу күні автосақтандыру полисінің алғашқы ресімделген күні бойынша айқындалады. Ол үшін автокөлік іздестіруде болмауы, кедендік тазалаудан өтуі керек.

Заңдастырылатын автокөліктердің жылына және экологиялық класына талап қойылмайды. Уақытша тіркелген «армян» автокөліктері де заңдастырылады. Оларды кедендік декларациялау талап етілмейді, себебі 2023

жылдың 1 қаңтарынан бастап олар – Еуразиялық экономикалық одақтың тауары.

Негізгі төлем – бастапқы тіркеу үшін алым 200 мың теңге, қалғаны – техпаспорт пен мемлекеттік нөмір үшін алынатын төлемдер. Олар үшін тағы 13171 теңге төлеу қажет. Заңдастыруға өтінішті «Электронды үкімет» порталы арқылы немесе арнайы Халыққа қызмет көрсету орталығына жеке өтініш жасау арқылы беруге болады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 486.94 \$ USD/KZT 463.31 ₪ RUB/KZT 6.45 ¥ CNY/KZT 67.52

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



КӨПТОМДЫҚ ҚҰЖАТ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысына Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдарының негізінде дайындалған көптомдық таныстырылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысы туралы есебін тыңдады.

Мемлекеттік комиссияның қызметі ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталған. Белгілі ғалымдар мен сарапшылардан құрылған комиссия мүшелері еліміздің архивтерінде, жабық қорларда ауқымды зерттеулер жүргізді. Құзырлы мемлекеттік органдармен

бірілесіп, ведомстволық архивтерді құпиясыздандыруға және қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр.

Мемлекет басшысына әртүрлі қуғын-сүргін санаттары бойынша құжаттар мен материалдар негізінде

құрастырылған 31 томдық құжат таныстырылды. Биыл да мемлекеттік комиссия қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеу, архив құжаттарын цифрландыру және электронды қорларды қалыптастыру бағытындағы жұмысын жалғастыра береді.

ЗАҢНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» конституциялық заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан конституциялық заңының жобасы екінші оқылымда қабылданды. Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров аталған заң жобасына қатысты баяндама жасады.

«Өткен жылы бүкілхалықтық референдум нәтижесінде елімізде жаңа Конституция қабылданды. Жаңа Конституцияны жақтап Қазақстан халқының 77%-ы дауыс берді. Конституциялық реформа – елімізде биліктер тармағы институттарын нығайтып, қоғамда демократияны қалыптастырудағы тәуелсіз 30 жыл ішіндегі ірі қадам, прогрессивті бағыт-бағдар. Конституцияға енгізілген өзгертулерге сәйкес, Қазақстанның Тұңғыш Президенти – Елбасының мәртебесі мен өкілеттігі Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалады деген норманы көздейтін Конституцияның 46-бабы 4-тармағы алынып тасталды. Қазақстанның демократия мен плюрализмге бет алып, терең саяси трансформация жасау кезеңінде жеке топтардың билікті меншіктеуге жетелейтін қандай да бір тетіктерге жол бермеу маңызды. Сондықтан Мәжілістің бір топ депутаты

халықтың басым көпшілігінің сұранысын ескеріп, аталған заң жобасын ұсынды» деді ол Парламенттің бірлескен отырысында.

Ол «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы аталған мәселеге қатысты Конституциялық сотқа жүгінгенін айтты. Конституциялық сот «Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы статусы» жөніндегі заңының еліміздің жаңа Ата заңына сәйкес келмейтіні жөнінде шешім шығарған.

ТЕҢГЕ ӘЛСІРЕЙ БЕРЕДІ

Отандық сарапшылардың ЖІӨ, инфляция және ұлттық валюта бағамына қатысты болжамы көңіл қуантарлық емес. Бұл туралы Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы хабарлады.

Қаржы сарапшыларының болжамынша, жыл қорытындысы бойынша инфляцияның өсу қарқыны 13,5 пайызға дейін баяулайды (бұрын 14,3% болған). Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың 52

пайызы базалық мөлшерлерменің 48 пайыз шамасында сақталатынын болжаған, яғни 17 пайызға дейін өсім күтілуде. Мамандардың пікірінше, бір жылдан кейін бір доллар 491,8 теңгеге дейін шарықтайды

(+6,3%). Сондай-ақ сарапшылар келесі жылы Brent мұнайының бағасы барреліне 86,3 долларға жетеді деп болжап отыр. ЖІӨ өсімі 3,7 пайызды (бұрын 2,8%) құрауы мүмкін дейді сала мамандары.

АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Елордалық мәслихат депутаттары Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекпен кездесіп, қаланың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру бағытында атқарылатын жұмыстарды саралады.

1,5 сағаттан астам уақыт бойы қаланың дамуы, абаттандыру, құрылыс, білім беру мекемелерінің қауіпсіздігі және тағы басқа мәселелердің қалай шешілетіні айтылды. Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов әлеуметтік парақшасында жазды.

«Қала басшысы елордамызда жыл сайын шамамен 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып, олардың орналасатын жері депутаттармен келісілетінін айтты.

Яғни шешім алқалы түрде қабылданады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін әлеуметтік нысандар мен қоғамдық көлікті бейімдеу, инклюзивті білім беру мәселелері талқыланды» деді Е.Каналимов.

Оның айтуынша, депутаттар теміржол ауруханасының тағдыры туралы мәселені Жеңіс Қасымбек медициналық мекеменің бір бөлігі қайта жаңартылып, жақын арада жаңа ғимарат салынатынын жеткізді. 10

жыл ішінде елордада бірде-бір қалалық аурухана салынбағанын ескерсек, мәселе өзекті.

Ерлан Каналимов жиында АРТ спорт бағдарламасын қаржыландыру мәселесінің ашықтығын, сондай-ақ «1000 көше – сауда орны» жобасын одан әрі іске асыру мәселелерін көтерді. Кездесу соңында алға қойылған ауқымды міндеттер пысықталып, жаңа мақсаттарды іске асыруға бағытталған бірлескен нәтижелі жұмысқа сенім білдірілді.



АЗАМАТТАРДЫ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАДЫ

Бас қала әкімі Жеңіс Қасымбек әр жұма сайын азаматтарды жеке қабылдайды. Кеше онлайн режимде қала басшысы 20-дан аса отбасыны қабылдады. Онда әлеуметтік, медициналық көмек көрсету, балабақшаға орналастыру, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, абаттандыру, инженерлік желілер салу секілді өзге де мәселелер көтерілді.

Әкімнің айтуынша, қозғалған проблемалардың бір бөлігі қабылдау барысында шешіледі. Ал қалған бөлігі бойынша шешу жұмысы қолға алынады, өйткені жүйелі мәселелерді реттеуге уақыт қажет. «Осыған дейін айтқанымдай, биыл сумен, жылумен

жабдықтау және т. б. қуатын арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар инфрақұрылымдық нысанның құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сол сияқты тағы 13 мектеп саламыз, жеке балабақшаларға 9 мың орынға мемлекеттік тапсырыс береміз,

құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтаймыз, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үй саламыз» деді Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімінің қабылдауына egov.kz, e-otinish порталы немесе қала әкімдігінің кеңесі арқылы жазылуға болады.

ӘКІММЕН АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелерімен кездесті. Екі сағатқа созылған жүздесу жоғары деңгейде өтті. Сөз сөйлеген кеңес мүшелеріне елорда тұрғындарын толғандырыған мәселе бойынша емін-еркін пікірін ашық білдіріп, сұрақ қоюға мүмкіндік берілді.

Айта кетер басты мәселе – уақыт шектеп, регламентке бағындыруды байқамадық. Қаланы сумен, жылумен, электр қуатымен қамтамасыз етудегі көкейтесті мәселелер көтерілді. Қаланың Бас жоспарын қайта қарау мен жетілдіру, тұрғын үй құрылысы, коммуналдық төлем бағасын реттеумен қатар, адами капиталды дамыту туралы да кеңінен әңгіме қозғалды.

Кездесуді пайдалана отырып, біз де қала басшысына бір-екі сұрақ қойдық. Атап айтқанда, елордада ұлт ұстазы

Ахмет Байтұрсынұлына еңселі ескерткіш ашу, Астанада педагогикалық университет салу туралы ашық сұрақ қойдық. Әкім бұл сауалдарға жүйелі түрде жауап берді.

Сөзіміздің соңында Астана қаласы атынан ұсынылған Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшелері ретінде Зұлфухар Сұлтанұлы екеуіміз қаланың өзекті мәселелерін республикалық деңгейде көтеріп, оң шешімдерге қол жеткізуге дайын екенімізді жеткіздік. Қоғамдық кеңес мүшелерінің сұрақтарына

толыққанды жауап берген Жеңіс Махмұдұлы алдағы уақытта да осындай кездесу өткізіп тұратынын мәлімдеді. Әкіммен болған ашық әңгіме барысында елорданы одан әрі дамыту мен өркендету жолында азаматтық қоғам мен билік өкілдерінің бірлесіп атқарған қызметі ауқымды екендігі айтылып, іс-шаралар жоспарын түзуге уағдаласып тарқастық.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытайда омикронның жаңа нұсқасы пайда болды. ХВВ.1.5 штаммы 10 науқаста анықталып отыр.

Ол иммундық төзімділікпен және тез таралуымен қауіпті. Алайда бұл ерекшелікке қарамастан, сарапшылар алаңдауға еш негіз жоқ дейді. Себебі елде аурудың таралуы бәсеңдеген. Ал Ресейдің Пенза облысында омикронның тағы бір түрі – «кракен» штаммы анықталды. Бұл штамм тез таралады. Иммундық жүйені де айналып өте алады. Сондықтан коронавирусына қарсы екпе салдырғандар да инфекцияны оңай жұқтырады.



Қырғыз Республикасының бұрынғы президенті Асқар Ақаевқа қатысты қылмыстық іс тоқтады.

Бұл туралы Қырғыз бас прокуратурасы баспасөз қызметінің бастығы Сирожиддин Камолидинов мәлім еткен. Қылмыстық іс аясында Ақаевқа билікті немесе қызметтік жағдайды асыра пайдаланғаны үшін 1992 жылы «Камеко» компаниясымен келісім жасасу эпизодтары бойынша немқұрайлық жасағаны және 2003 жылы «Құмтөр» жобасын қайта құрылымдағаны үшін айып тағылған болатын.



Еуропалық Одақ жүргізген сауалнамаға қатысушылардың шамамен 93 пайызы азық-түліктің қымбаттап жатқанына алаңдап отыр.

Еуропа Парламентінің мәліметтері бойынша ЕО құрамына кіретін әр елдегі 10 респонденттің жетеуі бағаның өсіп жатқанына алаңдаулы. Еуропа Парламентінің «Еуробарометр» әлеуметтану қызметі ұйымдастырған сауалнама 2022 жылғы қазан мен қараша айында өткен. Сауалнамаға Еуроодақтың 27 елінен 26 мыңнан астам тұрғын қатысқан.

СЕНАТҚА 20 ДЕПУТАТ САЙЛАНАДЫ

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров 14 қаңтарда өтетін Сенат сайлауына 55 үміткер қатысатынын мәлімдеді.



«Сайлау комиссияларының ұсынған деректеріне сәйкес, сайлау бюллетеньдеріне 55 үміткер енгізілді. Алматы қаласында – 4 үміткер, 6 өңірде: Алматы, Жетісу, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарында – 2 үміткерден. Қалған өңірлерде және Астана,

Шымкент қалаларында 3 үміткерден қатысады. Республика бойынша таңдаушылар тізіміне мәслихаттардың 3168 депутаты енгізілген. Ең көп сан Түркістан облысында – 317 және Қостанай облысында – 263, ал ең азы Астана – 31, Шымкент – 30 және Алматы қалаларында – 38» деді Н.Әбдіров құзырлы органның отырысында.

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев әр өңірден бір-бір депутаттан сайланатынын мәлім етті.

«14 қаңтарда сайлау өтеді. Осы орайда 20 сенатор сайланатын болады. Әр өңірден бір депутаттан келеді. Қазір 20 орынға 64 үміткер тіркелген. Демек, бір орынға 3 адамнан келіп тұр. Бұл өз кезегінде бәсекелестік бар екенін білдіріп отыр. Осы 64 үміткердің арасында 30 пайызы әйел адам екені – құптарлық үрдіс. Үміткерлердің төртеуі – қазіргі сенаторлар» деді М.Әшімбаев Сенат отырысынан кейін журналистердің сауалына берген жауабында.

ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАДЫ?

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында бас қаланың білім беру мекемелерінде тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы қаралды. Тиісті баяндаманы қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламанов жасады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Ол қаладағы 96 мектепте 200 мыңға жуық оқушы оқитынын, соның ішінде бастауыш сынып оқушылары 100 пайыз тегін ыстық тамақпен қамтылғанын атап өтті. Олардың жалпы саны – 95655. Соның 90 мыңға жуығы 1-4-сынып оқушысы болса, қалғаны – жеңілдікті санаттарға жататын 5-11-сынып шәкірттері.

– Биылғы 1 қаңтардан бастап бір баланы тамақтандыру бағасы 30 пайызға өсті. Былтыр 449 теңге болса, биыл 584 теңгеге ұлғайды. Оған бюджеттен 9,5 миллиард теңге қарастырылды. Ас мәзірі өзгеріссіз қалды. Бірақ бағаның өсуіне азық-түліктің қымбаттауы себеп болды. Қазіргі таңда тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша 96 мектепті қамтитын барлығы 14 жеткізуші жұмылдырылды. Жыл сайын басқарма төрт апталық маусымдық мәзірді Қазақ тағамтану академиясының тағамтану мәселелері институтымен келіседі, – деді баяндамашы.

Аталмыш мәселеге қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов пікірін айтты.



– Халқымыз ежелден «Ас – адамның арқауы» деп қуаттаған. Бүгінде елордамызда балалардың тиісті деңгейде тамақтануы үшін мектептерге лайықты қолдау көрсетіліп келеді. Қалалық бюджеттен 5 млрд теңге бөлінсе де, тамақ оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келмейді. Астана қаласының 96 мектебінің 1-4-сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылды, сонымен қатар биыл асханада тамақтанудың орташа құны 584 теңгеге жетті. Мектеп асханаларының ескірген

материалдық-техникалық базасы көңілге кірбің ұялататыны анық. Ата-аналардың айтуынша, балалар мектеп асханаларында тамақ ішпейді, тағам дәмді емес немесе төмен калориялы болғандықтан, балалар оны ұнатпайды. Осы уақытқа дейін жалға алушылар бұл мәселелердің шешімін таппай жүр. Жақын арада әріптестерімізбен бірге бірқатар мектеп асханасын аралап, жергілікті жерлерде жағдайды жақсарту жолын табамыз, – деді мәслихат хатшысы.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖЕТІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 17 қаңтарда сағат 10.00-де Астана қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:

1. Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №274/38-VII «Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
2. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлкті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
3. Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі №312/39-VI «Астана қаласы аумағының қала құрылысы регламентін бекіту туралы» шешіміне толықтыру енгізу туралы.
4. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы.

5. Астана қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы.

6. Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №350/43-VI «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

7. Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы №351/43-VI «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.


8. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ құрылымын бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы №22/2-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. Аккредиттеу жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Франция үкіметі 2030 жылға қарай зейнетке шығу жасын 64-ке дейін көтеруді жоспарлап отыр.

Ел премьер-министрі Элизабет Борн осы жоспар туралы жариялай отырып, реформаның мақсаты 2030 жылы теңдестірілген зейнет жүйесімен қамтамасыз ету екенін атап өтті. Үкімет болжамына сәйкес, Франция зейнетақы қорында қаражаттың жетіспеуі ол уақытқа дейін 20 млрд еуроны құрайды. Сондай-ақ жұмысшылардың зейнетақы қорына төлейтін жарнасының ең төменгі мерзімі 43 жасқа дейін көтерілді.



АҚШ президенті Джо Байден құпия құжаттарды сақтау ережелерін бұзғаны үшін Конгресс тергеуіне ілікті.

Бас прокуратураның деректеріне сүйенсек, Байден вице-президент болып жүрген кезінде 10 шақты құпия құжатты Делавэр штатындағы үйінде, жеке кабинетінде сақтаған. Таяуда оның заңгерлері тағы бірқатар құпия дерегі бар қағаздар тауыпты. Ақ үй басшысы бұл мәліметті жоққа шығармады. Қазір бұл істі арнайы құрылған прокурорлар қызметі тергеп жатыр.

Үш жыл ішінде елордалық МИБ орталығы 500-ден астам қоғамдық тыңдау, жиналыс өткізіп, қала тұрғындарын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй мүлкін басқару мәселелерін шешуге жұмылдырды.

МИБ ОРТАЛЫҒЫ МҮМКІНДІГІ



Азаматтық бастамалардың арқасында елорда әкімдігі ел реформаларын іске асыруда ақпараттық хабарлау, қызметтің жаңа бағыттарын құратын және т. б. қалалық жобаларды дамытуды тұрақты негізде қолдайды. Осылайша 3 жыл ішінде елордада тұрғын үйлерді басқару саласында 800-ден астам жаңа заңды тұлға құрылды, МИБ төрағалары мен басқарушы компаниялар үшін білім беру бағыттары ашылды, тұрғын үйлерге сервистік қызмет көрсетушілер жаңа жұмыс орындары құрылды.

Елордалық орталықтың құрылыс және ТКШ саласындағы коммерциялық емес ұйымдармен және басқа да заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі жобасының үлгісінде қолжетімді шеберлік сабақтары мен азаматтарды ашық қабылдау арқылы олардың құқықтық және қаржылық сауатын арттыру бөлігінде шаралар қабылдануда.

2020 жылдан бастап iQamal қауымдастығы МИБ орталығы жобасы арқылы 500-ден астам қоғамдық жиналыс, жиын, тыңдау және қоғамдық талқылау өткізді.

ТАСҚЫНҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР БАСТАЛАДЫ

15 қаңтардан бастап Сарыарқа ауданындағы тұрғын алаптардың арық-науа желілерін тазалау жұмысы басталады. Қардан, мұздан және тұрмыс қоқыстарынан тазарту бүкіл жүйе бойынша жүргізіледі.

Су деңгейінің көтерілуіне қарсы іс-шаралар басталғанға дейін аудандық аппарат қызметкерлері су көтерілуі ықтимал аймақтарда көшпелі кездесу өткізді. Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Айвар Зейнуллиннің, «Elorda Eco System» ұйымының бас директоры Тимур Шодановтың, аудандық Төтенше жағдайлар басқармасы қызметкерлерінің аралауы барысында су тасқыны кезеңінде жеке сектордың

су басу қаупін азайтуға көмектесетін бірқатар тапсырма берілді.

Ауданның 35 көшесінде 16 мың п. м. арық-науа жүйесі салынған. Мұндай жүйе жерасты, еріген және жаңбыр суын өткізу үшін қажет. Өткен жылы Сарыарқа ауданындағы тұрғын алаптардың су басуын болдырмау үшін 2000 п. м. астам су өткізу құбыры жабықтылып, 50 жаңбыр қабылдайтын және 7 дренаждық құдық орнатылды.

«БҮКІР» КӨПІРДЕН АҚАУ ШЫҚТЫ

Әлеуметтік желіде елордадағы Алаш тасжолында орналасқан көпірдің жарылғаны туралы ақпарат тарады. Осы оқиғаға қатысты Астана қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы түсінік берді. 13 қаңтардан бастап Алаш тасжолындағы Ш.Уәлиханов көшесі жағындағы (сол жағы) көпірдің жабылғаны туралы хабарлады.



«Бұған дейін Алаш тасжолындағы көпір апатты деп танылған болатын. Осыған байланысты оның оң жағы жөнделіп, қозғалыс 2022 жылдың жазында ашылған. Ал жөнделмеген сол жақ тұсында асфальтбетон жабынның ішінара деформациясы пайда болды. Осыған байланысты биыл 13 қаңтардан бастап техникалық тексеру жүргізу үшін жол өтпесінің сол жағында көлік қозғалысы толығымен

шектеледі. Қозғалыс көпірдің тек оң жақ бөлігімен ғана әрі екі бағытта да қамтамасыз етіледі. Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында келтіліс туғызбас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлау қажет. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жөндеу жұмысына түсіністікпен қарауды сұраймыз» делінген Көлік басқармасының хабарламасында.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ55 АУЛА
АБАТТАНДЫРЫЛЫП,
7 ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК
САЛЫНДЫ

Оның айтуынша, қазір аталмыш ауданда 235 мыңға жуық адам тұрады. Аудандағы аулалардың жалпы саны – 239. Олардың 180-і немесе 75 пайызы абаттандырылған. Соның ішінде былтыр 55 аула көріктендірілді. Соның 15-і «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында абаттандырылды. 59 аула абаттандыруды қажет етеді. Бұл жұмыс осы жылы атқарылмақ.

– Бюджетімізге абаттандыруға 1 миллиард теңге салынған. Оған тағы осыншама қаржы қажет. Биыл бұл жұмысты атқарып, Байқоңыр ауданындағы аулалар 100 пайыз абаттандырылады деп ойлаймын. Өткен жылы ауданда 7 қоғамдық кеңістік салынды. Биыл тағы 8 қоғамдық кеңістік салынады, – деді Ерлан Жаулыбаев.

Өткен жылы ауданның 216 көшесінде, 131 жаяу жүргіншілер өткелінде жарықдиодты шамдар ауыстырылды. Ал Биыл Алаш тасжолы, әл-Фараби даңғылы мен А.Пушкин көшесінде ұзындығы 18,81 шақырымды құрайтын кабельдерді ауыстыру жоспарланған.

Былыр ауданда 1954 ағаш отырғызылды. Оның сыртында 10 мыңнан аса көпжылдық бұта отырғызылды. Биыл тағы 10 мыңнан аса бұта мен 3 мың ағаш отырғызылмақ.

– Өткен жылы жергілікті суару жүйесін орнатуға ерекше көңіл бөлдiк. Биыл бұл жұмыс жалғасады. Әсіресе, Жамбыл Жабаев сквері мен Ақбұлақ өзені бойында, Тәуелсіздік даңғылынан бастап Шәкәрім Құдайбердіұлы көшесіне дейінгі аралықты осы жүйемен қамтимыз, – деді аудан әкімі.

Ауданда 21 мердігер ұйым санитарлық тазалаумен айналысады. Тазаланатын аумақ 16 млн шаршы метрді құрайды. Бұл – 216 көше. Жалпы даңғылдарды, көшелерді, қысқа көшелерді, орамшілік жолдарды қосқанда аумақтың ұзындығы 310 шақырымға жуықтайды. Желтоқсан айының аяғына дейін 100 мың текше метрден астам қар шығарылды.

Аудандағы 38 көшеде ұзындығы 63,3 шақырымдық нөсер кәрізі жүйесі бар. Бұған қоса, 58 көше арық жүйесіне қосылған. Оның ұзындығы 18,4 шақырымды құрайды.



БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ: АУЛАЛАРДЫ АБАТТАНДЫРУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев әлеуметтік желідегі жеке парақшасы арқылы ауданда 2022 жылы атқарылған жұмыстар және келген жылдың жоспарлары бойынша есеп берді.

– Сабыр Рақымов, Шара Жиенқұлова, Таха Хусейн, Шәкен Айманов сынды үлкен көшелерде нөсер кәрізі жүйесі жоқ. Бұл аумақтарды жаңбыр жауғанда, қар ерігенде ерекше бақылауда ұстап отырамыз. Өткен жылы су тасқыны кезінде үйлерді су басу қаупі болған жоқ. Себебі 2022 жылы 2423 метр арық орнаттық. Биыл арық тағы 2 мың метр аумақта орнатылады, – деді Ерлан Жаулыбаев.

8 ЖЫЛЫ АЯЛДАМА ОРНАТЫЛДЫ

Оның айтуынша, аудандағы жалпы ұзындығы 194 шақырымды құрайтын 177 көше асфальтталған. 39 көшеде немесе 32 шақырым аумақта асфальт жоқ. Өткен жылы жолдардың 6,5 шақырымында орташа жөндеу жүргізіліп, 34 учаскеге фрезерлік материал төселді. Биыл орташа жөндеу 18 көшеде немесе 14 шақырымда жүргізілмек. Ауданда 211 аялдама нүктесі бар. Соның ішінде 147-сі – вандалдыққа қарсы типте, 28-і – жылы аялдама. Ал 22 нүктеде аялдама жоқ. Былыр 8 жылы, 3 вандалдыққа қарсы павильон орнатылды. Биыл 10 жылы, 8 вандалдыққа қарсы аялдама орнатылмақ.

Аудан бойынша 53 автобус бағдары қатынайды. Соның ішінде «Өндіріс» тұрғын алабына үшеуі (24, 24А, 30) және төртеуі (1, 1А, 6, 11) «Кирпичный» тұрғын алабына барады. – Соңғы екі айда автобус мәселесі бойынша халықтан өте көп өтініш пен ұсыныс түсіп жатыр. Бұл мәселе бақылауда.

Аудан тұрғындарына 9 денсаулық сақтау нысаны қызмет көрсетеді. 43 білім нысаны, 2 мәдени ошақ бар. «Кирпичный» тұрғын алабындағы Көксеңгір көшесінде 600 орынға арналған мектепті салу басталды. Алайда мердігермен келісімшарт бұзылды. Конкурс жарияланып, оның



Жалпы Байқоңыр ауданы бойынша ғана емес, қала бойынша автобустар мен жүргізушілердің жетіспеушілігі бар. Соған байланысты қала әкімдігінде тиісті жұмыс жүргізілді. Биыл қосымша автобустар сатып алынады, – деді аудан басшысы.

МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША БОЙ КӨТЕРЕДІ

Байқоңыр ауданында жалпы 446 көппәтерлі тұрғын үй бар. Бұл – 38456 пәтер. Бұған қоса, 4398 жеке үй бар. Оларға 294 ұйым қызмет көрсетеді. Атап айтқанда, 93 ПИК, 81 МИБ, 120 қарапайым серіктестік. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында былтыр 8 көппәтерлі тұрғын үй жөндеді. Биыл 15 үйді жөндеу жоспарланды. Жобалық-сметалық құжаттама жасалып, тапсырылды. Жөндеу жұмысы наурыз-сәуір айында басталмақ.

Өткен жылы А.Янушкевич 10/2, 10/3, С.Сейфуллин 54/2, әл-Фараби 27 мекенжайларындағы ескі, апатты үйлер сүрілді. Қазір бұл үйлердің орнында жаңа баспана тұрғызылып жатыр. Биылғы сәуір айының аяғында, мамыр айының басында жаңа үйлерге тұрғындарды қоныстандыру жоспарланған.

қорытындысы 15 қаңтарда белгілі болуы тиіс. Содан кейін ақпан айының басында мектеп құрылысы жалғасады.

Ал №5 және №27 мектептерге жапсаржайлар салынууда. Биыл А.Иманов-«Егемен Қазақстан» газеті» көшелерінің қиылысында «Жайлы мектеп» жобасы аясында мектеп құрылысы басталмақ. №4, №27, №55 мектептер мен №46 балабақша жөндеуді қажет етеді.

– Қазір «Кирпичный» тұрғын алабында жеке кәсіпкер инвестициялық жоба шеңберінде 120 орындық балабақша салып жатыр. Құрылыс аяқталған соң оның ақысы мемлекеттік балабақшамен бірдей болады. Ол Білім басқармасы арқылы субсидияланады, – деді Ерлан Жаулыбаев.

Байқоңыр ауданы әкімінің айдағы уақытта аудан тұрғындарымен кездесуінің кестесі жасалды. 18 қаңтарда №10 мектеп-гимназияда, 27 қаңтарда №27 мектеп-лицейде, 1 ақпанда №8 мектеп-лицейде, 8 ақпанда №87 мектеп-гимназияда, 15 ақпанда №49 орта мектепте, 22 ақпанда «Шипагер» медициналық колледжінде, 1 наурызда №55 орта мектепте аудан басшысының халықпен кездесуі өтпек.

ҚАР БАСУ, БОРАН, КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ

Жыл сайын қыс мезгілінде халық тек қана төмен температураның әсер етуінен ғана емес, сондай-ақ қар басу, боран, көктайғақ сияқты табиғат құбылыстарынан зардап шегеді. Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайының құрбаны болмас үшін кейбір ауа райы факторлары пайда болғандағы өз-өзін ұстау ережелерін білу керек.

Қатты боран туралы ескертпе алған кезде не істеу керек?

* терезе, есік, шатыр есіктері мен вентиляция саңылауларын бекітіп жабу қажет;
* терезе әйнектерін қағаз лентамен жабыстырып, қалқандармен жауып қою керек;
* электрқуатын сөндіру мүмкіндігіне дайындалу;
* су, тамақ, медикаменттер, жеке жарық беретін құралдар (шам, керосин шамы/жанғыш, балауыз шам);
* сапарға арналған плитка, батарейкалы радиоқабылдағыш дайындау;

* балкондар мен терезе астынан ауа ағынымен ұшып кететін заттарды алып тастау;
* теледидар мен радиоқабылдағыштарды әрдайым қосылған күйінде ұстау керек, өйткені аса маңызды ақпараттық хабарлама түсуі мүмкін;
* жеңіл құрылыстардан бекем ғимараттарға өтіңіз;
* қарды жинау үшін құралдар дайындап қойыңыздар.

Қатты боран кезінде өз-өзін ұстау ережелері:

* үйден тек қана аса маңызды жағдайда шығу керек, егер осындай жағдайлар болса, онда отбасы мүшелеріне, көршілерге қайда кеткеніңіз бен шамамен оралатын уақытыңызды айту керек;
* үйден жалғыз кетуге рұқсат етілмейді;

* автокөлікпен алыс жол жүруден бас тарту керек;
* көлік құралы бұзылған кезде дабыл беріп, капотты ашып, антеннаға жарқын мата іліп, көмекті көліктің ішінде күту керек;

* автокөліктен шыққан кезде көру аумағында қалу керек;

* жолда жаяу жүріп адасып қалсаңыз, кез келген үйге кіріп, оның тұрған жерін анықтап, сонда боранның аяқталуын күтуге тырысыңыз;

* егер шаршап қалсаңыз баспана тауып, сонда қорғанып, демалыңыз;

* егер қатты бораннан кейін сіз бөлмеде қамаулы қалсаңыз, абайлап, дүрбеленсіз қар астынан өз бетіңізше шығуға мүмкіндік бар-жоғын анықтаңыз (қолда бар құралдарды қолдана отырып). Егер сіз қардың астынан өз күшіңізбен шыға алмасаңыз, құтқару бөлімшесімен байланыс орнатуға тырысыңыз. Радиотаратқыш қабылдағышты (теледидарды) қосыңыз және жергілікті билік органдарының нұсқауларын орындаңыз. Жылуды сақтау және азық-түлік қорын үнемді пайдалану үшін шаралар қабылдаңыз.

А.САБИРОВ,
Астана қаласы
ТЖД Алматы ауданы
бойынша бас маманы

ШАТЫРДАҒЫ МҰЗДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Қыста және көктемде ғимараттардың төбесінде көп мөлшерде қар жиналып, едәуір мөлшерге жететін мұздықтар пайда болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта мұздан жасалған «гириялдармен» «безендірілген» шатырлар мен карниздер аса қауіпті, олар адам денсаулығы мен өміріне әртүрлі жарақат әкелуі мүмкін. Қауіпті «безендіру» өтіп бара жатқан адамдарға зақым тигізген жағдай жиі кездеседі. Жыл сайын құлаған мұз ондаған адамның өмірін қияды. Мұздық «гириялдардың» балалар арбасына құлаған жағдайлар да кездесті. Олар кез келген уақытта құлап кетуі ықтимал. Мұздың құлауынан болатын жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін мұқият болу керек, ғимараттардың қабырғаларына, балкондардың астына жақындамауға тырысу қажет. Шатырдан мұздың немесе қар қабатының құлауы мүмкін жерді айналып өткен жөн. Қауіпті аймақта болған кезде адам жауған қар мен мұздан өте ауыр және қауіпті жарақат алып, тіпті мерт болуы мүмкін екенін ескеру керек. Мұндай жағдайға тап болмас үшін:

* төбесінен қар еруі мүмкін ғимараттарға жақындамаңыз және балалардың мұндай жерлерде болуына жол бермеңіз;
* балаларға қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы

ескертңіз. Қауіпті шатырдың астындағы ойын қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін;

* егер қоршау болса, қауіпті орынның алдын алатын аншлактары (тақтайшалары) болса, қоршаудан өтуге тырыспаңыз, қауіпті жерді басқа жолмен айналып өтіңіз;


* шатырдың шетінен қар, мұз (мұздықтар) құлағаннан кейін, қар мен мұз шатырдың қалған бөліктерінен де түсуі мүмкін, сондықтан егер тротуарда бұрын жауған қардың ізі немесе мұз сынығы көрінсе, онда бұл жер қауіпті;

* егер сіз тротуармен жүріп келе жатып жоғарғы жақтан шу естіген болсаңыз, тоқтап, басыңызды көтеріп, сақ болыңыз. Бұл қар немесе мұз болуы мүмкін. Мұндайда мүмкіндігінше қабырғаға жақындап тұру керек, ал шатырдың визоры сізге қорған болады;

* егер адамға ғимараттың төбесінен мұз немесе қар құлап кетсе, жедел жәрдем шақыру қажет.

Ғимараттардың жанынан өткен кезде аса сақ болыңыз!

Ә.БІРЖАНОВ,
Астана қаласы
ТЖД Алматы ауданы
бойынша аға инженері



Райхан
РАХМЕТОВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

НЕСИЕ ҚАМЫТЫНАН НЕ ҚҰТҚАРАДЫ?

Бұл мәселе туралы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Бүгінде проблемалық несиелердің көлемі жарты триллион теңгеге жеткен. Миллионнан астам адамның банк алдындағы міндеттемелерін өтеуге жағдайы жоқ. Олардың көбі әбден торығып, ескі борышын жабу үшін жаңа кредит рәсімдеуге мәжбүр» деген болатын. Несиені әдетте адамдар нақты қажеттілігіне қарай, мәселен, емге, оқуға, көлік, баспана сатып алуға алады. Алайда аса қажет болмаса да, қызығып, түрлі тұрмыстық заттарға несиесімен ресімдеп, жағдайына қарамай қарызға бататындар да жетеді. Сондай-ақ жақыны мен танысына алып берем деп немесе сыртынан алаяқтар несиесі алып, опық жеп жүргендер де көп. Қарапайым халық қандай жағдаймен болмасын несиесі қамытын кесе де, оның шырмауынан шыға алмауына Қазақстанда несиесі беретін банктердің жылдық мөлшерлемелені тым жоғары қоюы – басты себеп. Қазіргі таңда заң бойынша банктерге жылына 56 пайызға дейін мөлшерлеме қоюға рұқсат етіледі. Шағын несиесі ұйымдары да тым жоғары пайыздармен азаматтарды әбден қарызға батырған. Осылайша халықты қанап отырған олардың бұл әрекеттері қоғамда жиі сыналып жүр.

Белгілі экономист, Халықаралық бизнес университеті директоры Мақсат Халықтың айтуынша, жаңадан қабылданған заң – осы бағыттағы мәселелерді шешуге жасалған бірінші қадам, дегенмен ол аздық етеді. Келесі қадам банктердің несиесі пайыздарын азайтып, жылдық мөлшерлемелені заң бойынша 30 пайыздан асырмауына ықпал етуге бағытталуы керек.

– Банкроттық туралы заңның күшімен енді банктер де оңды-солды несиесі «таратудан» тыйыла бастайды. Олар бұдан былай несиесі берген кезде азаматтардың төлем қабілеттеріне қатты қарайды. Өйткені азаматтар алған несиені қайтара алмай қалып, оларды банкрот деп жариялап жіберсе, банктер бұдан ұтылады. Бұл шығынға батырып, банктердің өзі банкрот болуына әкелетін қауіп күшейеді. Сондықтан банктер несиесі беруде ойланып қадам жасай бастайды. Заңның тиімділігі туралы әзірге баға беру ертерек. Себебі Үкіметтің осы жұмысты дұрыс ұйымдастыра алуы да үлкен рөл ойнайды. Бірақ жалпы бағыты – дұрыс. Мұндай заң бізге баяғыда керек болған. Оны қабылдау ісі он жылдан бері созылып келді. Меніңше, заңның қабылдануына осы жағынан мүдделі топтар, әсіресе банктің негізгі акционерлері кедергі болды. Көбіне заң жобасын парламент қабырғасына жеткізбей тастайтын. Міне, биыл ақыры қабылданып, наурыздан бастап қиын жағдайға тап болған азаматтар өздерін банкрот деп жариялауға мүмкіндік алады. Мұның жақсы жері – егер жеке тұлға өзін банкрот деп жариялайтын болса, коллекторлар мен сот орындаушыларының қыспағынан құтыла алатындығы. Бәрі заң аясында реттеледі. Әрине, бұл заң барлық мәселені шешіп кетеді деп айту қиын. Дәй тұрғанмен заңның болуының өзі мемлекеттің өз азаматтарын заңды түрде қорғауына мүмкіндік береді, – дейді Мақсат Халық.

Банк мәселелері бойынша тәуелсіз сарапшы Нұржан Биякаев та несиесі алушылардың мәселесін банктердегі жылдық

мөлшерлемеленің тым жоғары болуы асқындырғанын айтады.

– Қазіргі таңда банктер арасындағы бәсекелестік айырмашылығы аса үлкен емес. Бүгінде бар болғаны 21 банк қалды. Ломбардтар мен кредиттік серіктестерді қосқанда мыңнан астам шағын қаржы ұйымдары бар. Бұл мәселе бүгін пайда болған жоқ, 10 жыл бұрын онлайн несиесі шыққан кезден бастап туындады. Банктерде жылдық мөлшерлемелені 56 пайызға дейін қоюға рұқсат етіледі. Ал микроқаржылық ұйымдарда жылдық мөлшерлеме одан да үлкен, күніне 2-3 пайыздан келді, бұл – жылына 1 мың пайыз мөлшерлеме деген сөз. Депутаттардың көбі осы мөлшерлемелерді 20 пайыздан асырмау туралы мәселе көтеріп жүр, – дейді Н. Биякаев.

Президент сондай-ақ кепілсіз онлайн-микрочредиттеуді қатаң реттеу қажеттігіне де

тоқталды. Әлемде бұл несиесі толықтай тыйым салған елдер бар, солардың тәжірибесін зерттеуді тапсырды. Тұтынушылық несиесі алуды тежемесе, оны оңды-солды алушылар салдары экономикадағы балансты бұзуы мүмкін.

– Онлайн несиесі беруді тоқтатып, оны ең аз дегенде 2-3 жылға кейінге қалдыру керек. Себебі біздің халық бұған әзір дайын емес. Біреудің атынан несиесі алатын алаяқтар сұм ойларын осы онлайн несиесі арқылы жүзеге асыруда. Онлайн-несиесі берудің нәтижелері жақсы емес. Зардабын тартып жатқандар өте көп, – дейді сарапшы.

Оның айтуынша, адамдардың қаржылық сауаттылығының төмендігі де бұл жағдайды ушықтырды. Сондықтан ол мектептерде жоғары сыныптан бастап қаржылық сауаттылық пәнін енгізу керек деп санайды. Себебі өз тәжірибесінде

2002-2003 және 2004 жылы туған мектеп тұлғалары жасы 18-ге тола салысымен жоғары мөлшерлеменен несиесі алып, қарызын төлей алмай, проблемалық несиесі алушылар қатарында қалғанына куә болған.

– Қазір ересектердің де, жастардың да қаржылық сауаттылық жағынан білімі төмен. Банктер мен шағын несиесі ұйымдары олардың өтінімін қуана мақұлдап, құрығына түсіреді. Бірақ бұл былтыр 1 қазаннан бастап осы бағыттағы заң талаптары күшейтілгеннен кейін азайды, – дейді ол.

Расында кәмелет жастан асқан, тұрақты жұмысы жоқ жастар шамасына қарамай несиесі алып, ата-анасына одан сайын ауыр салмақ салуда. Осы тұрғыда әлі үлкен өмірге араласып үлгермеген жастардан зейнетақы қорына аударым түспей тұрғанын білсе де, банктер мен қаржы ұйымдарының оларға

қалай несиесі беретіні түсініксіз. Сондай жастардың бірі - 19 жастағы елордалық студент Арман Құралбаев пандемия кезінде бизнес бастауды көздеп, бірнеше досымен бірігіп, банктен тауарлық кепілдеме арқылы несиесі алады. Алайда карантиндік шектеулер кедергі болғандықтан бизнесі алға баспай, пайдаға кенелудің орнына шығынға батады, несиесі де төленбей қалады.

– Біз бірнеше бала болып, қалада кальян-бар ашуды көздедік. Ғимаратын тауып, соны жөндеуге, керек-жарақтарын, жиһаздарын алуға әрқайсымыз 2 млн теңгедей несиесі алдық. Алайда пандемия кезінде түнгі тексерулердің көптігінен кальян-бар жұмысы тоқтап қала берді. Одан бөлек, ай сайынғы жалдау ақысы да аз ақша емес. Несиені жаба алмай, қарызға баттық. Менің несиесі алғанымды ата-анам тек бір жылдан кейін, оларға

коллекторлар хабарласқанда ғана бір-ақ білді. Оқуымның ақшасы тағы бар. Қазір басқа жұмыстар істеп, несиесімді жауып жүрмін. Бұл маған үлкен сабақ болды, жастықпен қателікке ұрынғанымды түсіндім, – дейді борышкер студент.

Сарапшылардың айтуынша, аталған заң жобасында бастапқыда банкрот болған азаматтарды қаржылық сауаттылық курсынан өткізу туралы тармақ болған екен. Кейін ол қабылданарда алынып тасталған. Бұл оқыту шығынымен байланысты болуы мүмкін. Дегенмен мамандар қаржылық сауаттылыққа оқытудың бүгінгі таңда аса қажеттілігін айтады.

Несиесі ауыртпалығынан құтқарады деп қабылданған «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» Заң жобасын әзірлеу барысында жеке тұлғалардың банкроттығы институты қалыптасқан елдердің тәжірибесі сараланып, ішінен оңды нормалары алынған.

– Мәселен, Германия, АҚШ-та банкрот тұлғаға 10 жыл несиесі алуға тыйым салынады, Ресейде 5 жылға дейін жеке кәсіпкерлікпен айналысуға және басшы лауазымдарына тұруға болмайды. Жалпы бұл заңды іске асыру азаматтардың борыштық жүктемесін азайту, әлеуметтік шиеленісті жеңілдету және қаржылық сауаттылықты арттыруға, қарызды өтеуді ынталандыруға алып келеді, – дейді қаржы вице-министрі Ержан Біржанов.

Жаңа заң қалай жұмыс істейді? Астана қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қанат Балтабеков халықаралық тәжірибе ескеріліп, заң аясында қаржылық сауықтыру шарасының 3 түрі енгізілгенін айтады. Бұлар – соттан тыс банкроттығы, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері. Барлық үш рәсімге тек борышкер ғана бастамашы бола алады, несиесі беруші өздігінен борышкерге қатысты бұл процедураларды қолдана алмайды.

– Бірінші рәсім бойынша азаматтар банктерге немесе микроқаржы ұйымдарына банктік емес коллекторлық ұйымдар алдында қарызы болса және бұл қарыздары 5,5 млн теңге болса, қарызы 12 ай бойына төленбесе осы рәсімді қолдана алады. Екінші рәсім аясында 4,9 миллион теңгеден асатын қарызы барлар сот банкроттығына жүгіне алады. Ал үшінші рәсім жеке тұлғаның тұрақты кірісі болған жағдайда 5 жылға дейін сот тәртібімен бөліп төлеу негізінде жүзеге асырылмақ. Бастаманың негізгі мақсаты – қарызға белшесінен батқан халықты дер кезінде қолдау, – дейді Қ.Балтабеков.

Несиесін төлей алмауына байланысты Қазақстанда 1 миллионнан аса адам Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңға ілігуі мүмкін. Бірінші Несиесі бюросының ақпараты бойынша, Астанада несиесі қарызын 12 айдан астам уақыт төлей алмай жүрген 84 мың адам бар. Жаңа заңға сәйкес қабылданған құжаттар бойынша азаматтардың 5 жылға несиесі алуы шектеледі. Тек шағын несиесі ұйымдарының ғана қызметін пайдалануына болады. Соған қоса, олар екінші қайтара 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіне алады. Сондай-ақ 3 жыл бойы адамның қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі.

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ 9,2 МИЛЛИОН ХАЛЫҚТЫҢ 7,8 МИЛЛИОНЫНЫҢ НЕСИЕСІ БАР. ОЛАРДЫҢ БАНКТЕР МЕН МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕРГЕ БЕРЕШЕГІ 14,3 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ 1 МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМНЫҢ НЕСИЕСІН ӨТЕУ МЕРЗІМІ ӨТІП КЕТКЕН.



ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЗАҢ БОЙЫНША БАНКТЕРГЕ ЖЫЛЫНА 56 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН МӨЛШЕРЛЕМЕ ҚОҢҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ. ШАҒЫН НЕСИЕСІ ҰЙЫМДАРЫ ДА ТЫМ ЖОҒАРЫ ПАЙЫЗДАРМЕН АЗАМАТТАРДЫ ӘБДЕН ҚАРЫЗҒА БАТЫРҒАН



Несиесін төлей алмауына байланысты Қазақстанда **1 МИЛЛИОННАН** аса адам Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңға ілігуі мүмкін.

Бірінші Несиесі бюросының ақпараты бойынша, Астанада несиесі қарызын 12 айдан астам уақыт төлей алмай жүрген 84 мың адам бар.

Жаңа заңға сәйкес қабылданған

құжаттар бойынша азаматтардың **5 жылға** несиесі алуы шектеледі. Тек шағын несиесі ұйымдарының ғана қызметін пайдалануына болады.

Соған қоса, олар екінші қайтара **7 жылдан** кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіне алады. Сондай-ақ **3 жыл** бойы адамның қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі.

БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ КҮШІМЕН ЕНДІ БАНКТЕР ДЕ ОҢДЫ-СОЛДЫ НЕСИЕСІ «ТАРАТУДАН» ТЫЙЫЛА БАСТАЙДЫ. ОЛАР БҰДАН БЫЛАЙ НЕСИЕСІ БЕРГЕН КЕЗДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТЕРІНЕ ҚАТТЫ ҚАРАЙДЫ.

ЗАҢ АЯСЫНДА ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУ ШАРАСЫНЫҢ **3 ТҮРІ** ЕНГІЗІЛГЕНІН АЙТАДЫ. БҰЛАР – СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҒЫ, СОТ БАНКРОТТЫҒЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ РӘСІМДЕРІ.



- 1** Азаматтар банктерге немесе микроқаржы ұйымдарына банктік емес коллекторлық ұйымдар алдында қарызы болса және бұл қарыздары 5,5 млн теңге болса, қарызы 12 ай бойына төленбесе осы рәсімді қолдана алады.
- 2** Екінші рәсім аясында 4,9 миллион теңгеден асатын қарызы барлар сот банкроттығына жүгіне алады.
- 3** Ал үшінші рәсім жеке тұлғаның тұрақты кірісі болған жағдайда 5 жылға дейін сот тәртібімен бөліп төлеу негізінде жүзеге асырылмақ. Бастаманың негізгі мақсаты – қарызға белшесінен батқан халықты дер кезінде қолдау

Биыл дүниеге келгеніне 160 жыл толатын Иманжүсіп Құтпанұлы туралы жазу өте қызық, өйткені ол туралы әрбір жаңа жазбада ерлік өмірінің тарихи беттері, қосымша толықтырулар кездеседі. Ол жөнінде ізденістерге жаңа адамдар қосылуда, осының өзі бұл еңбектің мазмұнын аша түскендей. Осылай бірте-бірте Иманжүсіптің айқын, есте қалатын тұлғасы танылуда, оның бейнесін бұр жармаған гүлге ұқсатуға болады.



Бістық күндері гүл эфир майын бөліп шығарады, оған жанған шырпыны тигізсең лаулап жанады да, барлық өсімдікті алып кетеді. Көгілдір жалын лаулай барып сөнеді, ал шөк гүл ештеңе тимегендей өз қалпында қалады. Шын мәнінде, бұл ғажап гүлдің ауаға бөлген эфир майы жанды, сол сияқты Иманжүсіп те ғажап адам болған.

Зерттеу барысында халық батырының шығармашылық мұраларын жинақтағанда, Иманжүсіптің біздің уақытқа тек екі әні – «Ерейментау» және «Сармойын» жетіу көңілге мұң ұялатты. Бұл екі ән арқылы Иманжүсіпті композитор деп атауға мүмкін емес еді. Бірақ «Бес ғасыр жырлайды» шығармасының II томындағы Иманжүсіптің «Ерейментау» деп жалпы атпен жазылған өлеңдерінің 31 шумағы бұл пікірді тереңдетте түсті.

Зейтін Ақышевтың «Шынардың бұтағы» романы көркемсурет антологиясының кеңесінде талдау барысында қызу пікірталас болды. Бір жазушы: «Жалғыз өлең жазған адамның өміріне тұтас роман арнап шығаруға болмайды» дейді. Бірақ шығарманың жарық көруін қорғауға М.Әлімбаев, Р.Бердібаев, Р.Нұрғалиев, О.Сәрсенбаев өз үнін қосып, роман жазылып шықты. Ондаған роман, жүздеген кітап жазуға болады, өнердегі із санмен өлшенбейді. Бір ғана шығарманың авторын көрнекті жазушылардың қатарына қою, мысалдары тарихта аз емес. Өткен жылы батырды еске алу кешінде жазушы Төлен Әбдіков Иманжүсіптің шығармашылығын былай сипаттады: «Тіпті ол «Ерейментау» мен «Сарыарқадан» басқа өлең жазбаса да, оны қазақ музыкасының классигі деп атауға болады».

Әкеміз және оның ағаларының, көптеген өнер қайраткерінің айтуы бойынша ұзақ жыл бойы үнсіздікпен жасырын сақталып келген Иманжүсіптің баға жетпес шығармашылық мұраларын білдім.

Белгілі ғалым, халық музыкасын жақсы білетін және бағалайтын Ақселеу Сейдімбеков маған «Сарыарқа» әнін орындайтын Әмина Нұғманова туралы айтып берді. Әмина апай кездесу сәтінде тамаша тарихты баяндады. Қытайдан көшіп келгеннен кейін ол осы өлеңді орындағанда, Әлкей Марғұлан мен Сәбит Мұқанов бірдей үн қатып: «Бұл – Иманжүсіптің әні» деп, әнді жазып беруін өтініпті. Сөйтіп, жетпісінші жылдары бұл ән екі рет жазылды: бірі – симфониялық оркестрмен, екіншісі – фортепиано сүйемелдеуімен жарыққа шықты. Қазір олар – Ұлттық кітапханадағы музыка қорында және Қазақ радиосының «алтын қорында».

Ақмолада жарық көрген «Сарыарқа» журналының бас редакторы Нұрғожа Оразбен кездесіп, ол Иманжүсіптің өлеңдерін орындаушы Қазыбек Нұралытегі туралы айтып берді. Ол ерте дүниеден озған, бірақ журналда оның мақалалары мен

ОТ ШАЛМАЙТЫН ШОҚ ГҮЛ

НЕМЕСЕ ИМАНЖҮСІПТІҢ НЕШЕ ӘНІ БАР?

«Бұғылы-Тағылы», «Әкем Құтпан», «Ерейментау», «Сарыбел», «Сармойын», «Сейфіл-Мәлік» өлеңдерінің мәтіні берілген. Бұл – үлкен табыс, осы жетістікпен қанаттана отырып, ізденуімді әрі қарай жалғастырдым. Бірақ «Ерейментау» және «Бұғылы-Тағылы» өлеңдерінің жазылымын тыңдай отырып, екі өлеңтің әуені бірдей болып көрінді. Бұл өлеңдерді Жүсіпбек Елебеков, Рамазан Баймағанбетов, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеухан осылай орындады, өлең сөздері бір-біріне көшіп отырды. Кейін жас орындаушылар Семейден – Еркін Шүкіманов, Ақмоладан – Сайлау Байбосынов, Қызылордадан Исабек Сәрсенбаев алдыңғыларды қайталады.

Белгілі өнертанушылар, ғалым-филологтар осы пікірге сүйенді. Менің негізгі сүйенімім сонау 20 жылдардағы шыққан Александр Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» болды. Академик Б.Асафьев авторға жинақ шыққаннан кейін жазған хатында: «Сіздің еңбегіңіз, шындығында, баға жетпес жұмсаған энергияңыз бен күшті ерік-жігеріңіз, шын мәнінде, эпостық» деген.

Қазақ халқының ұлы өнер туындылары мен жарқын тұлғалар Александр Затаевичтің еңбектері арқылы қайта оралуда. Бұл адами ерлік құрметке ие, оның аты көшелер мен алаңдарға, халық музыкасының фестивалі – оны еске алуға арналуы тиіс деп ойлаймын.

«Қазақ халқының 1000 әні» жинағының әрбір беті, әрбір жолы – сарқылмайтын бұлақ, шөліңді қандырып, халықтың мол мұрасынан рухани азық алу.

Міне, Иманжүсіп Құтпанұлының екінші рет дүниеге келуі де Затаевичтің осындай шығармашылық жұмысының нәтижесі және жалғастырушылары – Жүсіпбек Елебеков, Илья Жақанов, Айжан Бердібай, Қайрат Байбосынов, Әмина Нұғманова, Бекболат Тілеуханов, Әлия Мұқанова, Төлеуай Серіков, Сайлау Байбосынов, Гүлнәр Хамзина, Гауһар Сапарбаева, Берік Жүсіпов, Еркін Шүкіманов, Рамазан Баймағанбетов, т.б.

Жинақта Иманжүсіптің әртүрлі әуенде 6 әні берілген. Өкінішке қарай, кітапта нота бойынша жазылу жоқ, бірақ автордың келтірген мәліметтері бар, әнді орындаушыларды, әндерге сипаттама беріп, оларды жіктеген. Оқи және қайталап оқи отырып, Затаевичтің кітабынан өзіме жаңа әннен мәнді нәрселерді ұқтым. Жүздеп, мындап

оқи отырып, кітапта тек 5 әні деп ойласам, кенет, кездейсоқ бір өлеңіне берілген мәлімет №449 нөмірмен «Үш келесі әдемі әндері №196, 217, 840». Осы нөмірлермен Иманжүсіптің әндері. Мен толқығаннан басым айналып кетті. Белгісіз тағы бір әні, әннің жолдарын қайта-қайта қайталаймын. Иә, күдіктену мүмкін емес, жаңа ән «Ел қайда?» – Қамқа Ирнарарова мен Зәуре Байзақованың хабарлауымен бұл ән – Иманжүсіптікі, Затаевич өз шығармасында осы 15 жастағы қыздар туралы жазады.

Затаевичтің жинағында Иманжүсіптің 5 емес, 6 әні бар. Тек сөзі жазылмаған, әннің мазмұны мен атынан «Ел қайда?»-ны аңғаруға болады. Иманжүсіптің айдауда жүрген кезінен Ерейментаудың көлі мен жотасын сағынып, оралатынына өз сенімін білдірген.

117, 217-нөмірлердегі әндері ақмолалықтар Хұсайын Тәкежанов пен Құрбанәлі Тұяқовтар, №657 – зайсандық Иманхан Абдыханов, №870 – Торғайдан Кера Керашқанов, семейлік Фаиз Сәдуақасов Затаевичке Иманжүсіптің 758-нөмірдегі әнін айтып берген, бұларға Қостанайдан белгілі екі қызды қосамыз, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облысынан Иманжүсіптің өз мұрасы ата-баба аманатына сенімді, кім туған жерін, елін сүйсе, соның жүрегінде от шалмайтын гүлдей шешек ата береді.

Кітапта Затаевич баға жетпес мұраның кімнің көмегімен жинақталғанын толық баяндайды. Мысалы: Құрбанәлі Тұяқов туралы. Біз Құрбанәлі Тұяқов Орынбор жұмысшылар факультетінің студенті, қарапайым 25 жастағы жігіт екенін білдік. Әнші емес, бірақ көптің алдында өлең айтады, туғаннан терең музыкалы, дауысы сай, нәзік орындаушылығы бар, Ақмола өлеңдерінің нұсқаларын өз ерекшелігімен жеткізеді.

Иманжүсіп әндерінің келесі орындаушысы – Хұсайын Тәкежанов – белгілі ғалым-металлург, мемлекет қайраткері, өндірісті ірі ұйымдастырушы, академик Сауық Тәкежановтың әкесі. Сауық Тәкежановтың зайыбы – Клара Зейноллақызы мені өзі іздеп тауып, атам туралы мәліметті маған табыс етті. Темірбай Тәкежановты тұтқындаған, оның балалары мен анасы «Алжир» эшелонында болады, сол кезде Хұсайын Сауықты алып кетеді, сөйтіп Сауық әкесінің ағасының үйінде қалады, кейін Хұсайын Сауықты бала етіп асырап алып, өзі әкесі болады. Хұсайын

Тәкежанов – белгілі ақын, «Терме», «Думы старца» өлеңдер жинағының авторы. Ол домбырада ойнаған, ән айтқан, аңшы.

Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин куә болғандай, оны ашық мінезі мен әділдігі үшін құрметтеген. Сауық Темірбаевтың айтуынша, Хұсайынды Молда аға деп атаған, көп уақытын құран, араб-парсы кітаптарын оқып, дастандар жазған.

А.Затаевич Иманжүсіп туралы мынадай қорытындыға келген: «Өз тегінен батыр, палуан, сапалық қасиеті музыкалық талантымен тұтасып жатыр». Бұл – музыка зерттеушісінің Иманжүсіптің шығармашылық мұрасына берген бағасы. Александр Затаевич өз жинағында өте мұқият шығармаларды асқан кәсіби шеберлікпен таңдаған, Иманжүсіптің 6 әнін кітабына енгізген. А.Затаевичтің кітабынан 6 ән мәнісін ноталық жазбалар, «Сармойын» әнінің сөзі және жеті мәтін, олардың ішінен екі әуен – «Сарыарқа» және «Ерейментау» белгілі.

Жас ғалым-өнертанушылар Айжан Бердібай, Әлия Мұқанова, Базаралы Мүптекеев өлеңдерді өңдеуде үлкен ерлік еңбек етті. Базаралы Мүптекеевтің «Сарыарқа» өлеңінің үш нұсқасын, «Болған жастан» белгісіз өлеңнің үш нұсқасын табуын ерекше атауға болады. Бұдан басқа, өлеңнің мәтінін салыстырып, талдай отырып, А.Затаевич жинағынан әртүрлі жылдардағы материалдарды тыңдап, Әлия Мұқанованың №840 – Сейфіл-Мәлік, №758 – «Әкем Құтпан», №217 «Сарыбел» екенін бекітті.

Қазақстан Республикасының халық әртісі Қайрат Байбосынов туған еліне барған сапарында Жаңаарқа ауданында Иманжүсіптің «Батыр-ау» әнін жазып алған мәтіні белгілі. Иманжүсіп өмірінің соңғы кездерінде өлең жазғаны туралы деректер бар. Иманжүсіптің әйелі Зейнеп пен баласы Бекзатханның қайтыс болуына арнаған әндері қызы Күләнданың есінде қалған.

Мұндай жаңа деректер әлі аз емес. Біздің өнерге деген махаббатымыз, тарихымыз, туған жерге деген сағынышымыз, соңғы демі жеткенше өз Отанының еркіндігі мен тәуелсіздігін аңсаған, от шалмайтын гүлдей Иманжүсіп сияқты ұлдарын дүниеге келтірді.


Қазіргі жастарымыз Иманжүсіптей тұлғалардың мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізеді деген үміттеміз.

Раушан КӨШЕНОВА,
философия ғылымдарының докторы

ҚАЙРАТКЕР ҒҰМЫРБАЯНЫ

Мемлекет және қоғам қайраткері Сабыр Біләлұлы Ниязбековтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне арналған еңбек «Ұлы Дала тұлғалары» сериясы аясында дайындалған.

Кеңестік дәуір қазақ халқының тарихи тағдырында күрделі әрі қайшылықты оқиғаларымен де, бірқатар жетістіктермен де терең із қалдырды. Дегенмен осы дәуір тудырып, шындаған дарынды тұлғалар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері еліміздің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Сондай азаматтардың бірқатары



тарихтан лайықты бағасын алып жатса, қайсыбірі назардан мүлде тыс қалып отыр. Оның өзіндік объективті хәм субъективті себептері бар.

Бүгінгі күнге дейін ғалым-зерттеушілердің де, журналистердің де назарынан тыс қалып келген тұлғалардың бірі Сабыр Ниязбеков еді. Зерттеуші авторлар осы олқылықтың орнын толтыруға үлкен ғылыми қадам жасағанын атап көрсеткен абзал.

Кеңестік тоталитарлық қоғам мен коммунистік идеологияны нығайтудың қатаң талаптары жағдайында партия мен кеңестік мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқарған Сабыр Ниязбеков сынды азаматтың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, білім-ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне қосқан елеулі еңбегіне жан-жақты ғылыми талдау жасалып, объективті баға берілген.


Ғылыми зерттеулердегі тұлғатану жанрының күрделілігі – зерттеу объектісі ретінде алынған тұлғаның ғұмырбаянының барлық кезеңдерін «ізімен» жүріп зерделеуді қажет етеді.

Авторлар бұл зерттеуде Сабыр Ниязбековтың шыққан тегі мен өскен ортасынан бастап Қостанай, Қызылжар, Орал, Тың өлкесі мен Ақмола, Оңтүстік Қазақстан өңірлеріндегі жетекшілік еңбегіне, Кеңестік парламент төрағасы ретіндегі қайраткерлігіне жан-жақты талдау жасап, толыққанды ғұмырбаяндық келбетін жасаған.

Дерексіз – тарих тұл деген қағидатты басшылыққа алсақ, бұл еңбектің басты құндылығы мұрағаттық деректік негізінде деп атап көрсеткен жөн. Сондай-ақ Сабыр Ниязбековтың Қазақстанның әр өңіріндегі сан қырлы қызметі күнделікті өмір тарихы, микротарих сияқты зерттеу ұстанымдары арқылы ашылған.

Бұл зерттеу еңбегінің тағы бір қыры – оның практикалық құндылығында. Авторлар Сабыр Ниязбековтың өңірлердегі және орталықтағы мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі арқылы елге қалтқысыз қызмет етудің, мемлекетшілдіктің үлгісін толыққанды ашып көрсеткен. Сол себепті бұл қазіргі ел тұтқасына ие болып отырған хәм мемлекеттік қызметтегі азаматтарға ой салатын, үлгі тұтарлық тұлға жайлы еңбек болып табылады.

Нұрбек ШАХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы,
Astana IT University профессоры



МЕКТЕБІ БАР, ЕСКЕРТКІШІ КЕРЕК

Қашанда жылдың басы жаңалықтарға толы. Бұл кезеңде өмір есігін ашқан тау тұлғалар қазақтың болашағы үшін көп нәрсе жасап кетті. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы мен анасы Зәуре Баирқызының отбасында 1912 жылы 12-қаңтарда дүниеге келді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Жарты ғасырға жуық ел тағдырына араласқан абыройлы ұл көреген саясаткер ретінде есте қалды. Ұлт мүддесін қорғап қалуға келгенде ешкімге есе жібермеуге тырысты. Өзбекстанға өтіп кеткен Қазақстан аудандарын қайтару, тың жерлерді игеру, Ерейментау топырағынан неміс автономиясын ашуға жол бермеу және Шардараға атом электр станциясын салдырмау мәселесіне келгенде асқан табандылық танытты. Осы қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көпсалалы өнеркәсіп аймағына айналды.

Оның тұсында Қазақстанның экономикасы мен ауыл шаруашылығы өркендеді. Республиканың көптеген өңірінде зауыт-фабрикалар салынып, жаңа инфрақұрылымдар бой көтерді. Бұдан өзге Қонаевтың өнерпаздарды қолдауының арқасында қазақ өнерін бар әлем таныды. Димекеннің қолында шектеулі билік болса да шамасы келгенше халықтың жағдайын ойлағанын, ұлттық мүддені қорғағанын халық білді де Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде ғана емес, нағыз ұлт көсемі, басшысы ретінде таныды. 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісінің» Димекен қызметінен босаған күні болуы бекер емес-ті.

XX ғасырдың екінші жартысында қазақтың ұлттық санасының өсуіне, еңсесі көтеріліп ұлт ретінде ұйыса түсуіне Д.А.Қонаев ерекше үлес қосты. Сондықтан Димаш Ахметұлы Қонаевты тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаушы бір саясаткер ретінде оқулықтарда лайықты орын алуға тиіс, өнегелі өмірі жастарға насихатталуы қажет-ақ.

Астанада Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейі бар. Бұл мектеп – астана мектептерінің арасында өзіндік дара орны бар білім ордаларының бірі. Ол 2011 жылдың 5 қаңтарында қала әкімдігінің қаулысымен ашылды. Астана қаласы әкімдігінің 29.03.2022 жылғы №107-876 Қаулысымен мектепке Дінмұхамед Қонаев аты берілді. Мектеп ғимараты Астананың нақ төріндегі «Бәйтерек» монтентінің жанында орналасқан. Қазіргі таңда 2600-ден астам оқушы білім алу үстінде. Мұнда республикаға танымал білікті ұстаздар еңбек етеді. Ұстаздары әр жыл сайын өтетін «Үздік педагог» сайысына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Атап айтсақ, 2018 жылы бастауыш

сынып мұғалімі Меруерт Кабиева қалалық деңгейде 3 орын иеленді. 2020 жылы математика пәнінің мұғалімі Сандуғаш Парманова қалалық деңгейде бас жүлде иеленіп, республикалық деңгейде «2020 жылдың үздік педагогы» атағының иегері және «2020 Білім беру ұйымының үздік педагогы» атаңды. Жалпы, білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиадаларға халықаралық, республикалық, қалалық деңгейде 700-ге жуық оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Пәндік олимпиада, ғылыми жоба сайыстары және түрлі байқауларға қатысу нәтижесінде қала деңгейінде «Үздік 10 мектеп» қатарында, республика көлемінде «100 үздік мектеп» қатарынан көрініп келеді, мұның өзі – мектеп ұжымы үшін үлкен жетістік.

Халықаралық Бакалавриаттың негізгі мақсаты – білімге құмар, зерделі және қамқоршылық, болашақта мәдениетаралық түсіністік пен сыйластық арқылы әлемді дамытып және оның қауіпсіздігін сақтауда өз жолын тауып, ықпалын тигізетін жастарды тәрбиелеу болса, мектеп 2019 жылы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасына кандидат ретінде тіркелді. 2021 жылы желтоқсан айында авторизациялық визиттан өтіп, 2022 жылы қаңтар айында ресми түрде «Халықаралық мектеп» атағын алды. В Primary Years Programme (PYP) бағдарламасы 3 пен 12 жас аралығындағы балаларды өмір бойы оқуды қолдайтын белсенді әрі қамқор азамат ретінде тәрбиелеуді көздейді. Білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдері жаңағаран мұғалімдер сабағында елеулі өзгерістер бар. Мектеп мұғалімдері сабақ беру үрдісінде Global Scholar – халықаралық бағдарламасы, Nestle салауатты тамақтану мектебі, Бағдарламалау негіздері, Эмоционалды интеллект, STEM, робототехника сияқты инновациялық технологияларды қолданады.

Оқушы мен ұстаздардың жеткен жетістіктері, шыққан биіктері мен атқарған игі істеріне айналған бұл мектеп – киелі шаңырақ, іргелі орда. Осы шаңырақтан талай қазақ баласы білім алып, отанымыздың игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдамамен аттанды. Олардың барлығы да ұлт көсемі Димаш атасы атындағы мектепте білім алғандығын мақтан тұтады.

Димекеннің атымен аталған мектепте музей жасакталу үстінде екен, әзірге Димаш атамыз өзі жазған, ол туралы жазылған дүниелерді бір парақтап шығуды жөн көрді.

1978 жылы Димаш Ахметұлының «Кеңестік Қазақстан», «Таңдамалы сөздері мен мақалалары», 1992 жылы – «О моём времени», 1994 жылы – «От Сталина до Гор-

бачёва», 1994 жылы – «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты мақалалары мен кітаптары жарық көрді. Онда біраз айтқандары, естеліктері бар.

«Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол – менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманаттың адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсыр ет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма деген екен Димаш Ахметұлы.

Дінмұхамед Ахметұлы халық әндері мен күйлерін тыңдап, романдар мен танымдық әдебиетті көк оқыған. Спорт түрлерінен бөкс пен күресті ерекше ұнатқан. Қартайған шағында да күнде таңертең жарты сағаттай уақыт жаттығу жасайтын болған. Өкінішке қарай, халқының

бачёва», 1994 жылы – «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты мақалалары мен кітаптары жарық көрді. Онда біраз айтқандары, естеліктері бар.

«Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол – менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманаттың адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсыр ет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма деген екен Димаш Ахметұлы.

Дінмұхамед Ахметұлы халық әндері мен күйлерін тыңдап, романдар мен танымдық әдебиетті көк оқыған. Спорт түрлерінен бөкс пен күресті ерекше ұнатқан. Қартайған шағында да күнде таңертең жарты сағаттай уақыт жаттығу жасайтын болған. Өкінішке қарай, халқының

бачёва», 1994 жылы – «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты мақалалары мен кітаптары жарық көрді. Онда біраз айтқандары, естеліктері бар.

«Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол – менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманаттың адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсыр ет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма деген екен Димаш Ахметұлы.

Дінмұхамед Ахметұлы халық әндері мен күйлерін тыңдап, романдар мен танымдық әдебиетті көк оқыған. Спорт түрлерінен бөкс пен күресті ерекше ұнатқан. Қартайған шағында да күнде таңертең жарты сағаттай уақыт жаттығу жасайтын болған. Өкінішке қарай, халқының

бачёва», 1994 жылы – «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты мақалалары мен кітаптары жарық көрді. Онда біраз айтқандары, естеліктері бар.

«Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол – менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманаттың адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсыр ет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма деген екен Димаш Ахметұлы.

Дінмұхамед Ахметұлы халық әндері мен күйлерін тыңдап, романдар мен танымдық әдебиетті көк оқыған. Спорт түрлерінен бөкс пен күресті ерекше ұнатқан. Қартайған шағында да күнде таңертең жарты сағаттай уақыт жаттығу жасайтын болған. Өкінішке қарай, халқының

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ

Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген дана халқымыз. Балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.

Қандай заман болмасын маңайына шуақ сыйлайтын жандардың қатары сиремеген. Бүгінгі қазақ қоғамында талай қайырымдылық жасаған қорлардан, ұйымдардан, жекеменшік кәсіпкерлерден біраз балалар, мұқтаж жандар, отбасылар көмек алып, сәл болсын бақытқа кенеліп жатқаны – өте қуантарлық жағдай.

Біздің мекеме «№1 Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» – КММ өсуі қабілеті бұзылған (кохлеарлық имплантациядан кейін) және әртүрлі дәрежедегі интеллектуалдық және психологиялық-физикалық дамуының бұзылулары бар (психикалық дамуы тежелген, церебральды сал ауруы, аутизм, даун синдромы, көру, сөйлеудің бұзылуы) балаларды оңалтумен айналысатын оқу орны.

Ұжымның негізгі міндеттерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі балаларды жан-жақты кешенді психологиялық-педагогикалық түзеу және оңалту арқылы әлеуметтендіру болып табылады. Бір жыл ішінде №1 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті 850-ден астам баланы қамтиды, ондағы 300-ден астамы – мүгедек балалар.

Түзеу кабинетінде балаларды жан-жақты дамыту үшін тек қана түзеу, оңалту жұмыстарынан басқа әлеуметтендіру және әлеуметтік қолдауға баса көңіл аударылады. Осы орайда балаларға қолдау, демеу жасауда өз үлестерін қосып жатқандар аз емес.

Бүгінгі күні ел алғысына бөленіп жатқан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту корпоративтік қорының басшысы Адиева Әлфия Дәулетқалиқызы, «ВІ-Жұлдызай» қайырымдылық қоры басшысы Исабаева Гүлхан Нұрмұханбетқызы, «Дар» қайырымдылық қоғамдық қоры басшысы Кусаинова Татьяна Васильевна, «Истоки добра» қоғамдық қорының басшысы Насыбуллина Динара ұйымдастырған әлеуметтік жобалардың өзіндік дара

ерекшеліктері бар. Биылғы оқу жылында жоғарыдағы аталған қорлар біздің мекемеге келетін балаларға іс-шаралар ұйымдастыруда көп үлестерін қосты.

Балаларды мерекеден тәттілермен қуантқан үйде пісірілетін өнімдер желісі «Пампушка» ұжымына, директоры Сагнаева Гүлмира Әлібекқызына, «Агуша» шырындарын ұсынған ЖШС «Aie Logistics» ұжымына, басшысы Дүзмамбетова Жангүл Жанатқызына бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытатын ойыншықтар сыйлаған «Нұрқай» кенсе тауарлары дүкенінің басшысы Қайратбек Нұрқаевқа, «Чудесная лавка» дүкенінің басшысы Сенбаев Ержан Қаныбекұлына, балаларды ауысумен қамтамасыз еткен «Fresh su» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысы Новикова Анастасия Александровнаға, ЖШС «Golden Rail Trade» басшысы Бусловых Алексей Геннадьевичке үлкен алғыс айтамыз.

Жоғарыда аталған қорлардың әлеуметтік жобаларының жұмысын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, компаниялардың және жекеменшік кәсіпкерлердің қолдауларын көпке таныстыруды жөн деп көрдік.

Әрбір бала бақытты болуға, бақытты өмір сүруге құқылы. 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының «Өскеген ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп айтқан сөзі талай қайырымдылық көрсеткендердің негізгі ұстанымы мен мазмұнын танытқандай.

«Қайырымдылық – адамгершілік белгісі» дегендей, егер қоғамда осындай игілікті істер жасалынса адамдар көп болса, еліміздің болашағы жарқын боларына кәміл сенеміз.

Айгүл САДЫҚОВА,
Дидар БЕКТҰРҒАНОВА,
«№1 Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ әлеуметтік педагогтары



ҚОНАЕВ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР:

- ✓ Дінмұхамед Қонаев – КСРО-да ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ.
- ✓ Ол КСРО-ның ішкі және сыртқы саясатын басқаратын 15 мүшелік политбюро мүшесі болған.
- ✓ Отбасындағы 11 баланың 4-сі.
- ✓ Бойы – 198 см. 46-өлшемдегі аяқ киім киген.
- ✓ Хоббиі: қару-жарақ жинау, аңшылықты ұнатқан.
- ✓ Қонаевтың жеке күзетшілері болмаған.
- ✓ Басқалары жеке күзетшілерімен жүргенде, Қонаев жай ғана таңертең жұмысына жаяу барып келіп жүрген. Академик шені үшін 340 рубльдік төлемақйдан бас тартқан.
- ✓ Шағын пәтерінде (қазір мұражай) 24 жыл өмір сүрген, пәтер ауданы – 200 ш.м.
- ✓ Кезінде Леонид Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға бірінші рет келіп, Қонаевтың үйіне қонаққа келеді. Пәтерін аралап-аралап: «Бар дүниең осы ма?» деп таңданады.
- ✓ Өмірінде «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы берік ұстанды. Дінмұхамед Қонаев ұзақ жыл қызметтен кейін зейнетке шыққан шағында визитка жасатқан екен. Осы кішкене төртбұрышты қағазға аты-жөні мен «тау-кен инженері» екенін ғана жаздырады. Сонда айналасындағылар қайраткердің қарапайымдылығына қатты таңғалған. Өзінің бұл шешімін «Оның бәрі өтпелі де кетпелі, ал «тау-кен инженері» деген – өмірлік нәрсе» деп жауап берген екен.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ келесі Астана қаласының әкімдігінің ШЖҚ МКҚ Байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Қалалық перинаталдық орталығы, Қалалық инфекциялық орталығы,

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесіне қатысу үшін Сарқантқа барып, сол жерде 82 жасқа қараған шағында көз жұмды.

Қонаевтанушы Ораз Қауғабаев жазғанындай, бұрынғы Целиноград қазіргі Астананы Димекен көрген жоқ. Астана ауысардың алдында дүние салған болатын. Астанада гүлзарды көше жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік қоспорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде

сыйлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тіліндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы сепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталғаны және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 419-кабинет, 556839, 556842.
Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 14 қаңтар.
Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 12 ақпан.

АБАЙДЫ ТАНЫТАТЫН ТУЫНДЫЛАР

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Абай туралы тың зерттеулерді қамтитын жаңа 24 кітаптың таныстырылымын өткізді. 13 серияда шыққан басылымдарды оқу орнының «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты дайындады. Бұл – Ерлан Сыдықов, Жабайхан Әбділдин, Тұрсын Жұртбай, Сатай Сыздықов, Жанат Аймұхамбет және т.б. белгілі абайтанушылардың, тарих, әдебиет, филология саласындағы сарапшылардың еңбектері.

«Абай Құнанбайұлы және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары», «Абай және Ахмет Байтұрсынұлы», «Абай және Ұлы даланың мұралары: өркениеттік сабақтастық» және т.б. жаңа кітаптар «Қазіргі Қазақстан және Абай Құнанбайұлы, оның қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы мұрасы» жобасы аясында жарық көріп отыр. Зерттеу жұмыстарын жазу барысында авторлар қоғамның, ғылымның, діннің, тілдің өзекті мәселелерін Абайдың шығармашылығы, дүниетанымы және мұрасы негізінде қарастырды. Іс-шараға белгілі абайтанушылар, еліміздің ғылыми-сараптамалық қоғамдастығының өкілдері қатысты.

Профессор Тұрсын Жұртбай – «Абай академиясы» дайындаған «Хақ және жалғыз» кітабының авторы. Абайтанушы зерттеуді Абайдың 43-сөзіндегі «Қозғаушы элемент», «Біртектердің өзара тартылу күші», «Жүректің әсерленгіштігі» терминдерінің пайда болуын зерттеуге арнады.



«Бүгінгі таңда Абай шығармашылығының жекелеген жарқын бағыттарына тиісті көңіл бөлінбегенін атап өткен жөн. Мысалы, бірде-бір ғалым 43-ші қара сөздегі «Қозғаушы элемент», «Біртектердің өзара тартылу күші», «Жүректің әсерленгіштігі» деген терминдерге тоқталмаған. Мақсат-тас, пікірлес, абайтанушы ғалым ініміз Сұлтан Ыбырай екеуіміздің оған көзіміз жетіп, ізденіс басталды. Абай «жан», «тән», «ақыл», «жүрек»

пен «қайрат» тақырыптарын тереңнен зерттеді. Оның поэзиясындағы психологиялық және философиялық мәселелер батыс және шығыс дереккөздерінен зерттелгені байқалады. Біз Абайды зерттеудің жаңа жүйесін тапқан сияқтымыз. Оның аясында біз ойшылды жаңа бағытта білуге мүмкіндік аламыз» деп атап өтті профессор.

Кітаптардың тұсаукесері аясында «Абай академиясы» ҒЗИ ғалымдары «Абай Құнанбаев

және қазіргі қазақстандық қоғамның басымдықтары» бағыты бойынша әлеуметтік сауалнаманың қорытындыларын ұсынды. Оған еліміздің 9 мыңнан астам тұрғыны қатысты. Әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша қазақ және орыс тілдерінде 4 жинақ жарық көрді. Абайды зерттеу саласындағы ұсынымдары бар бұл материалдар еліміздің мектептері, университеттері, мәдени мекемелеріне таратылады.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ТҰЛҒАЛАРДЫ ҰЛЫҚТАЙДЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қаладағы 18 кітапхана қарайды. Осы қаңтар айында барлық кітапханаларда тарихи тұлғалардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, мәдениет, әдебиет, өнер майталмандарының мерейтойларына арналған шаралар өтеді.

Биыл кешегі жаугершілік заманда қазақтың басын біріктірген Абылай ханның туғанына 310 жыл (кейбір деректерде 312 жыл). Күй атасы Құрманғазының 200 жылдығы осы жылы аталып өтілмек. Ал халық батыры Амангелді Имановтың туғанына – 150 жыл. Мерейтойлар қатарында мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы, атақты театр және кино актрисасы, Қаз КСР халық әртісі мен Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бикен Римованың 100 жылдығы, балалар ақыны Ермек Өтегілеуовтің 85 жылдығы бар. Мәдениеттанушы ғалым, дипломат Мұрат Өуезов жылдың алғашқы күні сексеннің сенгіріне шықты. Қаланың кітапханалары осы тұлғаларды ұлықтайды.

«TURAN» фольклорлы-этнографиялық ансамблі «Mendirman Jaloliddin» түрік тарихи сериалының екінші маусымына саундтрек жазды.

ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЯСЫНА МУЗЫКА ЖАЗДЫ

Тарихи драма жанрындағы сериал Хорезмшах мемлекетінің соңғы өкілі, құдіретті билеуші Жалал ад-Динге арналған. Фильмнің продюсері – Мехмет Боздаг, режиссері – Нұрғиса Әлмұрат. Фильмнің екінші маусымының шығуы 2023 жылдың 14 ақпанына жоспарланып отыр.

Аталмыш сериалда саундтрек ретінде ансамбльдің 5 шығармасы орындалады. Бұл сериал – ансамбль топтамасындағы кезекті халықаралық жобалардың бірі. «TURAN» ансамблі бұған дейін «Diriliş Ertuğrul» (реж: Mehmet Günay, Түркия), «İsimsizler» (реж: Emre Konuk, Түркия), «Дала дауысы» (реж: Ермек Шынарбаев, Қазақстан-Франция) және т.б. халықаралық жобаларға музыка жазған болатын.

«TURAN» фольклорлық-этнографиялық

ансамблі осы уақыт аралығында әлемнің 70-ке жуық елдерінде 1300-ден астам жеке концерт өткізді. Шығармашылық ұжым «Карнеги Холл» (Нью-Йорк, АҚШ), «Кеннеди орталығы» (Вашингтон, АҚШ), «Концерт үйі» (Берлин, Германия), «Кремль сарайы» (Мәскеу, Ресей), Санкт-Петербургтегі «Мария театрының концерт залы» (Ресей), «Конгресстер мен фестивальдер сарайы» (Канн, Франция), «Салле Корто» (Париж, Франция) сияқты атақты залдарда өнер көрсетті.

2008 жылы құрылған ансамбль құрамында 30-дан астам ұлттық аспаптарда ойнайтын өнерпаздар бар. Бұл – Мақсат Медеубек, Серік Нұрмолдаев, Бауыржан Бекмұханбетов, Ержігіт Әлиев, Жанту Дадабаев.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«ҚЫС ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ»

14-15 қаңтар 14.00, 17.00

Қуыршақ театры



«АЛТАЙДАН АУҒАН ЕЛ»

14 қаңтар 18.00

Қ.Қуанышбаев театры



«ҒАШЫҚ ЖҮРЕК»

15 қаңтар 19.00


Музыкалық жас көрермен театры



«АЛАШ ЖОЛЫ» ДРАМАСЫ

18 қаңтар 19.00

Ә.Мәмбетов театры



«ТАҢ САМАЛЫ» КОНЦЕРТІ

19 қаңтар 19.00

Астаналық филармония